

МАРАТ
ИСКАЖОВ



САҒЫНЫШ САЗДАРЫ

**МАРАТ
ЫСҚАҚОВ**



**САҒЫНЫШ
САЗДАРЫ**

(ӨЛЕНДЕР ЖИНАҒЫ)

**«Жалын» баспасы
Алматы — 1980**

Қаз2
Ы 88

Ысқақов Марат.

**Ы 88 Сағыныш саздары: Өлеңдер жина-
ры. — Алматы: Жалын, 1980.—64 бет.**

Марат Ысқақовтың поэзиялық бірінші кітабы лирика-
лық серпінді үнге толы. Жастық кезеңді еске алудан ту-
ған, әке туралы толғанудан туған, ел өмірінің кезеңдері-
мен астасқан ақынның өлеңдік өмірбаяны көңілді селт
еткізердей қызғылықты, мәнді.

Қаз2

И $\frac{70403-201}{408(05)80}$ 219—80—4702230200

© «Жалын» баспасы, 1980

Қош келіңсің, Марат!

Марат Ысқақов есімі республика оқырмандарына журналист ретінде көбірек танылды. Батыс Қазақстандықтар Маратты драматург ретінде де сыйлап, құрмет тұтады. Осы жігітпен университетте бір жылдары оқыдық. Ол онда жүргенінде өлең жазатын, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатынасатын, Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» атты пьесасында Шоқанның бейнесін сахнаға шығарған да Марат еді.

Соңғы жылдары Марат өлең жазумен көбірек айналысып жүр. Бірде атқан оғы лағып далаға кетсе, бірде ондыққа тигізбегенмен жетілік, сегіздіктерге тигізген атқышты көзіме елестететіндеймін.

*«Көкжиектен жарқ еткенде күн шығып,
Алтын нұрға шомылады жыршы-үміт.
Теңіз ана тау мен тасты аймалап,
Көк айдында тыныстайды тіршілік».*

деген жолдардан өлең деген құдыреттің қасиетін түсіне бастаған қаламның ізін аңдағандаймын. Әрине әлі де Марат қаламының бояуы көбінде қанық емес, әсіреқызылға әуестігі де байқалып тұрады.

Поэзияның қанатты құс секілді қасиетінің бары

ежелден белгілі. Бірақ оның жерге де түсіп асықпай, аптықпай сөйлейтін шағы да болады. Марат Ысқақов Ләйім солай қарай толысуға, өсуге қарай жүрсін демекпін.

*«Қаймықпай қиын жолға бет түзедім,
Аяма бар сыныңнан өткіз, елім.
Жанатын менен кейін жүректерге
Жырыммен өшпес жалын жеткіземін»*

Ләйім солай болсын, Марат! Өлең жолының қандай жол екенін өзің жақсы біледі екенсің. Сол қиындыққа қарай қанатыңды қаға бер. Теңіз үстінен ұшқан құстай бір тіршілік кешетініңді ұғына түсерсің сонда. ҚазГУ атты ұядан бір кезде бірге ұшып едік, енді поэзия, өнер атты қияда кезіккен екеміз. Кезек берісетін жекпе-жек емес өнер деген. Өнер — өзінше гүлдеген пайдалы өсімдіктердің, адамға жақсылық әкелетін жаны құс адамдардың өмір сүретін құдыретті мекені. Хош келіңсің, Марат.

ТУМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ

ЛЕНИН ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДА

**Ілгері созып қолыңды,
Көрсетіп жолды мәңгілік,
Тұрсың сен биік тұғырда, жүзіңнен арай таң күліп.
Теңіздей терең ақылмен бақытқа меңзеп баршаны,
Жағасың сансыз жүректе жігердің отын жандырып.**

**Жақсылық жасау парызым
Қоғамға, әрбір адамға,
Ойлаған кезде осыны қаламды қолға алам да
Өзіңмен ғана тілдесіп,
Сырласпақ болып оңаша
Сен тұрған мынау қасиетті келемін гүлді алаңға.**

**Жыр жазар сәтте жалынды толғанып тұрып тереңнен,
Келешек жайлы өзіңмен кеңесу үшін келем мен.
Шабытым шалқып шаттана үйіме қайта оралам,
Ойымды сілкіп оятқан өтты бір шумақ өлеңмен.**

ОҚЫП ОТЫР КҮН-КӨСЕМ

**Екі-ақ есім.
Жетерліктөй сырды ұқтым,
Талай дастан жазам десе жыр ғып кім:
Ұлы Ленин, большевиктік «Правда» —
Бастау көзі коммунистік шындықтың.**

**Сол бастаудың мөлдірінен қанамын,
Шабыттанып жалындаймын, жанамын.
От ұшқынды, өткір ойдың ізімен
Жорғалайды журналистік қаламым.**

**Күнде өзімен кабинетте тілдесем,
Кеңесімен кемелденіп, күнде өсем.
Бүгін тағы беттеріне үңіліп,
«Правданы» оқып отыр Күн-көсем.**

ЖУРНАЛИСТ СЫРЫ

Көрмедім тыным журналист болып алғалы,
Алаудай сөнбес ойымның оты жанғалы.
Үзіліс деген болмайды, әсте, газетте,
Керуен-көштей бір күнді бір күн жалғады.

Туындап әр күн жаңалық жатар өлкеңде,
Газеттің бетін сол деректермен көркемде.
Қол қойдық бүгін, шаруа бітті демейсің
Газетті тағы шығару керек ертең де.

Ертең де газет шығады, жолдас, біліп қой,
Ол үшін бүгін жануы керек білікті ой.
Көзінді мықтап жаңалықтарға тігіп қой,
Ал, құлағыңды хабар біткенге түріп қой.

Сонан соң ойнат, қолыңа алып қаламды,
Жұмысқа жегіп парасат, ақыл-санаңды.
Түнімен ұйқы бермеген көркем дүниеге
Қоясың соңғы нүктені барып таң алды.

Оқыған оны үлгісін түйер іскердің,
Жігерін жанып, білекке мығым күш бердің.
Паш етіп көпке кешегі жеткен жеңісті,
Көтеріп туын ертеңгі болар істердің.

Көтеріп даңқын еңбекпен жанған жарқылдың,
Рухани тозбас қажетін өтеп халқымның.
Өміріміздің шежіре-күйін шертіп кеп,
Туады газет айнасы болып әр күннің.

ТАҚЫРЫП

Отырсың үнсіз ой түбін сарқып алдың ба,
Үстінде қалам, ақ қағаз жатыр алдында.
Журналист ізі жоспай ма оның бетінде
Әлде бір сәтке тақырып таппай қалдың ба?

Журналист болсаң тағамын, әсте, оған мін,
Сансыз ғой дерек журналист ойы соғар мың.
Емес пе, досым, тұлғасы толы тақырып
Кемелденіп дамыған біздің қоғамның.

Қаламыз құтты, даламыз жомарт дарқан да,
Алып бір істер жатады туып әр таңда.
Минуттармен жарысып күнде өсеміз,
Партия, Ұлы Октябрь, сенің арқанда.

Кілемдей түкті түрленіп кетті тың мандар,
Астықтан алтын тау болып жатыр қырымдар.
Мұнай боп ақты Атырау бойы түп-тұтас,
Мінекей ғажап тақырып қандай, жырландар!

Өнеге көп-ақ өлкемде мынау өрлеген,
Жетістік қанша адамзат бұрын көрмеген.
Кең құлаш жайған қазақтың байтақ жерінен
Космонавтар ғарышқа құлаш сермеген.

Өнеге көп-ақ өмірмен бірге өргендей,
Салт-дәстүр қанша, сан жүрек қоспап ергендей.
Қуанамыз ғой тұрмысқа келсе жас семья —
Тағы бір жаңа республика келгендей.

Адам мен еңбек егіз боп бізде аталған,
Тұрады алға шақырып әр кез от-арман.
Осының бәрі емес пе өзек тақырып,
Қаламы ұшқыр журналист ойы от алған.

АМАНАТ

Сайлаушылар депутатқа тапсыруда аманат,
Көбейіп тым кеткен жоқ па, болмас па екен қанағат?
Председатель жұртқа қарап салып жатыр дауысқа,
Аманаттың ең маңызды салмақтысын саралап:

Өзектер көп жол бөгеген, көпір керек өтетін,
Ауылда мал өсіп келеді, өріс керек жететін.
Бақша керек, аналар жүр жұмысына шыға алмай,
Жарық керек малшы үйіне, бұл да қалмас сұралмай.

Тағы-тағы, тағылар бар, өсу керек бар аймақ,
Депутаттың мүмкіндігін кім ескерер абайлап?
Осынша көп өтінішті орындауға күш керек,
Көпшіліктің ақ сенімін ақтайтұғын іс керек.

Осынша көп қолқаларды құлақ керек тыңдайтын,
Қиындыққа мойымайтын төзім керек, бұл да айқын.
Осыншама қасиетті депутатқа дарытқан,
Сарқылмайтын құдіретті табасың тек халықтан.

Есітсін деп берді өзіне мың кісінің құлағын,
Жігеріне қосты өріп тасқын күштің бұлағын.
Қуат алған Халық — анадан қай іске де төзімді,
Депутат та өзін бұл сәт Антейдейін сезінді.

КОММУНИСТПІН

Коммунистпін сөнбейтін жалын, демім,
Аямастан беремін барымды, елім.
Тірлігімнің мағынасы ту қып ұстар
Партиялық билетім — арым менің.

Мен арыма ешқашан дақ түсірмен,
Қорғай алам жауыққан жат күшінен.
Ұшам самғап саянда, Компартия,
Жігерімнің қанатты ақ құсымен.



Отан-ана, сені байтақ өл дедік,
Сені қорғап, жат қолына бермедік.
Сенің үшін бомба болып жарылып,
Тидік жауға қылыш болып сермеліп.

Кемелденген дер шағында бүгінгі,
Күмбезіңнен көрем жарқын күнімді.
Нар баласын қарпып сүйер деген бар,
Көтерт маған ең бір ауыр жүгіңді.

МАЙ МЕЙРАМ

Шық, кәне, төріме,
Сұлу Май гүл атқан.
Шаттықтың өріне
Жүректер жыр атқан.

Салтанат ұранмен
Айбынды үн еседі.
Адамдар жыр-әнмен
Кернейді көшені.

Көркіне сүйініп,
Айтпайды жыр қып кім?
Алып Май түйіні —
Достық пен бірліктің.

Жыл сайын қарсы алып,
Тұрады таң күліп.
Май мейрам жар салып,
Гүлдейді мәңгілік.

АЛЫППЫН МЕН

Тебіреніс үстіндемін бүгін мен,
Жүрегімнен өзге әмірге жүгінбен.
Ақ маржандай ақтарылып жыр бұлақ
Сөз орнына бал тамады тілімнен.

Перзентімін жиырмасыншы ғасырдың,
Өнеріммен өр еңсемді асырдым.
Жиып алдым білгірлікпен бойыма
Бар үлгісін әлемдегі асылдың.

Адамдарым қанат қағып ғарышқа,
Ой, арманым самғап ұшты алысқа.
Қосылды үндер бейбітшілік жарыста,
Біздің өктем коммунистік маршқа.

Бар табиғат билігіме бас иді,
Қүдіретімнен қасарған тау жасиды.
Ылди іздеп құлап аққан өзендер
Бұрылып ап өрге қарай тасиды.

Қалам, далам гүл жайнаған арайлы,
Көркіменен тамсантады талайды.
Кемелденген келбетіме осынау
Әлем көзі құштарлықпен қарайды.

Дұшпандарым амалсыздан мақтаған,
Мынау жарқын өміріме мақтанам.
Алыппын мен өтіп жатқан әр жылым,
Ғасырлардың адымымен аттаған.

Алыппын мен асқаралы жастағы,
Жарқыраған бұлтсыз ашық аспаны.
Өшпес алтын әріптермен тарихқа
Жазылуда өмірімнің дастаны.

МЕН ҚАЗАҚПЫН

Қазақ боп туғаным мақтанамын,
Кем емес бір адамнан бақ, талабым.
Аспанға Алатау боп өрлеймін де,
Теңіз боп төгілуге шақ қаламын.

Кейде мен Шоқан құсап толғанамын,
Мұқтарша қаламымды қолға аламын.
Шабытпен қанатымды қомдап алып,
Қырандай көк жүзінде сорғаладым.

Білімдар озат ойдан от аламын,
Қаныштай кен асылын қопарамын.
Көмкеріп көк орманмен, боз кейпіне
Құлпырған өң көргіздім сахараның.

Жеткізіп жүректердің аңсағанын,
Күләштай бұлбұл үнмен ән саламын.
Көтеріп желбірете жеңіс туын
Әр танды қуанышпен қарсы аламын.

ӘКЕ АНКЕТАСЫ

Қапа болып тағдыр жазған тартуға,
Он алтымда қала бердім артында.
Содан бері тұтанумен келем мен
Сенен қалған кеудемдегі алтынға.

Мыну парак сағыныштай сарғайған,
Қағаз емес, сенің асыл ар — қоймаң.
Бұл кәдімгі сен толтырған анкента,
Аяғына өзің ғана қол қойған.

Көз жүгіртсем, өткен өмірбаяның —
Самғау жүріс, жасамапсың жай адым.
Жүз оқимын, мың оқимын құмартып,
Әр елесін өнегелі саяның.

Сұрақ қойса:

«Кім екен, — деп, — бұл кісі?»
Айтарым сол — келгендерге білгісі:
Өмір жайлы құр баяндау емес бұл,
Өмір сүре білудің шын үлгісі.

Жан-тәнімен ел сенімін ақтаған,
Сенсің, әке, аяулы адам, бақты адам.
Сол үшін де қатарымның алдында
Ұрпағың боп туғанымға мақтанам.

Ер жігіттің бір басына қонымды,
Өмір кештің айтуға ауыз толымды.
Әке болып бастадың да өмірді
Азамат боп аяқтадың жолыңды.

Көзімді ашып, оң мен солды білгелі,
Бір ой ылғи мазалаумен жүр мені.
Саған тартқан ұл боп өскім келеді
Анкентаңды жалғай алар ілгері.

ҰҚСАСТЫҚ

Ұқсатса әке болмысына баласын,
Табылғаны көңілдегі жарасым.
Мен жаралдым, Қиғаш, сенің суыңнан,
Мінезімнен мөлдірлікті табасын.

Таба алмасаң іште жанар таласым,
Болғым келмей әлдеқандай қарасын.
Топырағыңнан жаралдым мен, Құм-Нарын,
Сен де өзіңе бір ұқсастық табасын.

Ұқсамасам ұғам оны айып деп,
Көнем айтқан үкіміңе: «Тайып кет!»
Қалдырмай-ақ ізімді де, белгімді,
Көм құмыңа, не суыңмен шайып кет.

Уа, туған жер, шын төреші болшы өзін,
Ұқсастықтың мен айтайын өлшемін:
Біз ұқсаспыз, жалғыз ғана айырма —
Сен — ұлысың,
Мен — кішкене бөлшегің.

КӨРІСУ

Ассалаумағалейкум, Атырауым!
Ежелден атың мәлім батыр ауыл.
Жағаңда басып өткен іздерім мен
Бұлқынып бекіресі жатыр ауың.

Ақ айдын құшақ жайып аймалаған,
Суретін төсіңе әкеп ай қадаған.
Сәулесі жұлдыздардың — күміс теңге,
Судырап су бетінде тайғанаған.

Айта алар аласа деп өренді кім,
Өнеге өр тұлғаңнан көрем бүгін.
Туғызған өзің жайлы биік ұғым.
Алдымен сенің түпсіз тереңдігің.

Толқының секілденіп тау шыңдары,
Арманың өрге жүзген таусылмады.
Сырлы саз естіледі тым биіктен,
Шаңқ еткен шағаланың даусындағы.

Өзіңмен өзгені де сүйікті етіп,
Тұрсың сен сан мақтауға сыйып кетіп.
Мұнайың — таусылмайтын мол қазынаң
Көтерген мәртебенді биіктетіп.

Жасанып табиғаттан асыл кілең,
Төсеген баурайына жасыл кілем.
Ақ басты Алатаудан іздеп келіп,
Атырау, алдына мен басымды нем.

ТЕҢІЗ ЕЛІ

Аңсап келем,
Теңіз қайда, теңіз, деп,
Шағалаң боп шарқ ұратын жем іздеп.
Аңсап келем — Құм-Нарынды, Қиғашты,
Аңсап келем, кәрі Атырау, сені іздеп.

Теңіз елі, неткен ғажап сәнді едің,
Сезіледі маған ыстық әр демің.
Аңсадым ғой Құрманғазы күйлерін,
Сағындым ғой сал Мұхиттың әндерін.

Көкжиектен жарқ еткенде күн шығып,
Алтын нұрға шомылады жыршы үміт.
Теңіз — ана тау мен тасты аймалап,
Көк айдында тыныстайды тіршілік...

Теңіз, теңіз, бурыл шашты қадірлім,
Құдіретіңе тәңірдейін табындым.
Шалқарынды шаттық күйге бөлеші,
«Гәккулеген» аққу әнін сағындым.

Теңіз елі, іздеп келдім мен сені,
Ұлы өнердің ордасысың еңселі.
Көбік шашқан күй шанақсың, Каспийім,
Толқынында тербелейін теңселіп.

Теңіз, сені жырға қосар жаршымын,
Бұл айтқаным — жүректегі бар шыным.
Тола келе арнасынан таситын
Саған ұқсас мөлдіреген тамшымын.

КӨРІСЕЙІК КЕЛ, ДОСТЫМ!

Келші, досым, көп болды көріспеппіз,
Талай-талай қияға өрістепті із.
Ажыратып ай, жылдар арамызды,
Қуаныш пен қайғыны бөліспеппіз.

Тағдыр бірақ мені әсте алдамаған,
Арым таза, қуаныш ол да маған.
Сапта тұрған солдаттай журналистпін,
Журналистпін қаламы жорғалаған.

Тұрды менің алдымда неше міндет,
Сан түйінді сарылдым шешемін деп.
Өлең — сөздің есігін аштым, міне,
Қатарымнан едәуір кешеуілдеп.

Сәл кешігіп оралдым жақсы арманға,
Айналдырып көңілді ақ шамдарға.
Жиырма бестей желікті жасымда емес,
Самайымды кәдімгі ақ шалғанда.

Шын ниетті тұрғанда қосып ізгі,
Табалайды қай дұшпан осы бізді.
Көрісейік кел, достым, кел, кел, достым.
Төсімізге басайық төсімізді!

* * *

Көрісейік қол алысып, құшақтап,
Тілек жалғыз: жүрмейік тек ұсақтап.
Белдесуге бетпе-бет шық, қапыда
Жау кезінеің іу сыртыңнан лышақтап.

Ұмытпайық, мұны да еске алайық,
Зұлымдыққа тағылады бар айып.
Өмірге шын құштар болсақ егерде,
Өлімге де әділеттікпен қарайық.

Жауыздықтан өнегелі қалмайды із,
Тірлік тінін достықпенен жалғаймыз.
Ақиқатқа өтетін жол жалғыз-ақ,
Қас пен дос боп қатар өте алмаймыз.

Ұғысуға болса-дағы бәрі асық,
Жауыққандар жүрген кез аз жарасып.
Кейде дұшпан болғанын мен тілеймін
Достарымнан қалмау үшін адасып.

Арамдықтың болса адымы сор өңкей,
Адалдықтың ақ құшағы ерен кең.
Достар — менің нұрлы шуақ күнгейім,
Ал күнгейде болмайды ғой көлеңке.

КЕҢ ДАЛАМ

Қырат, құмды, өзенді, таулы далам,
Сенен өшпес нұр, қасиет жауды маған.
Жігіт болған кезімде сүйдім сенің
Аруынды жанары жаудыраған.

Жатыр сонау жартаста жаңғырығым,
Сан аунағам үстінде шалғыныңның.
Әзиз далам — ұмтылмас ескерткіші,
Кешегі өткен балалық бал күнімнің.

Бала күннің кезі жоқ сағы сынды,
Ұнатушы ек асыр сап алысуды.
Сенде үйренгем мініп ап бәйге атына,
Сағым қуып желменен жарысуды.

Сенде жүріп түсінгем ойлы ұғымды,
Барша жанға жақсымды сый қылуды.
Қонақ келсе қарсы алып, құрмет тұтып,
Төрге апарып, қолына су құяды.

Сенде білдім жүрекке жақындықты,
Қиындықтан қаймықпас батылдықты.
Сенде үйрендім сыйластық, қимастықты.
Кір шалмайтын достықты, татулықты.

Сенде үйрендім айыптап қорқақтықты,
Жек көруді ездікті, шорқақтықты.
Сенде білдім бағаны тірліктегі,
Қуаныш пен қайғыға ортақтықты.

Іздеп барып жайлауда бір қосынды,
Сенен таптым алғаш мен жыр — досымды.
Сенде үйрендім тұңғыш мен шаршы топта
Домбыраға қос ішекті үн қосуды.

Содан бері ойлаймын даланы мың,
Дала десем жартасты жарады үнім.
Сенсің, далам, өшпейтін сағынышым,
Балалығым және де даналығым!

ДОСТАРҒА

Өздерің болып аңсаған әнім, дастаным,
Көкірегімді тербеуде менің асқақ үн.
Сағынып келдім орталарыңа мен бүгін,
Домбыраны әкел, шырқатайықшы, достарым!

Күйындар, кәне, бокалдарыңа шарапты,
Сағыныш деген тауысады екен тағатты.
Өтінемін мен, қалдырмандаршы тамшысын,
Сағынғандарың Абдоштың ұлы Маратты.

Борышты болсам әнменен оны өтейін,
Табайын бәрін не тілеп тұрса көкейің.
Заулаған күндер, айтылмай қалған сырларды,
Желмая жырмен аттатпай қуып жетейін.

Жылжыпты уақыт, қалыпсындар ғой өзгеріп,
Бәрін де тұрмын құлағым естіп, көз көріп.
Кейбіреулеріңнің қап-қара мөлдей шаштарың
Секілденіпті күз — қырау шалған боз бөрік.

Қол ұстасып, үйде де бірге түзде өріп,
Байқамаппын-ау, жүрсем де қанша жүз көріп.
Достардың мынау, марқайып қалған жарлары
Кеткен бе бүгін құлпырған сұлу қыз болып.

Па, шіркін, неткен дастарқан үсті дәмді еді,
Айтқанымыз тек осындай әсем ән бе еді?!
Мақпалдай жұмсақ түніміз неткен жайлы еді,
Неліктен мұнша жүрекке жылы таң лебі?..

Болып тұр солай сағыныштан тегі, досым-ау,
Сәнді ғой ғажап бөлменің іші осынау.
Жанға бір жайлы жылылық сезем осы үйден
Өкпелеп кеткен қайтадан келіп қосылар.

Тұрғандай, сірә, қолымда діріл байқалып,
Шыныға құйған шарабым кетті шайқалып.
Кәнекей, достар, сарғайып күткен жүректің
Солығын басып, сағыныш әнін айталық.

Жүректе жырым сағынышпенен өрілген,
Орнымды, достар, табайын бүгін төріңнен.
Сөкпеңдер мені, мас болсам ішіп шарапты,
Сендерге деген сағыныш атты көлімнен.

/Бұл өмірде асулар асып, жол шегіп,
Жүргенде біздің шын достығымыз — сол серік.
Бар күндерді бір тілім нандай бөліселік,
Жоқ күндерді сағынышымызбен өлшелік.

* * *

Бала кезде жаттаған өлеңді айтып,
Туған жер — Қошалаққа келем қайтып.
Сайрап тұр көкірегімде сараланып,
Қызықты өткен күннің нелер жайты.

Туған ауыл төбесі көрінеді,
Сағынышым ән болып өріледі.
«Шайқым-тойқым» ойнаған мама шағыл
Кер маралдай алдымнан керіледі.

Таялып келіп тұрмын көптен, міне,
Ат жалдап өткен талай өткеліме.
Дегендей: жүрген жоқ па кер құнаным,
Боз жонның қарай берем бөктеріне.

Құр босқа бірақ менің сабылысым,
Тұр екен күйіп кетпей неғып ішім.
Қалмапты ол күндерден ешбір белгі,
Сарғайған қалыпты тек сағынышым.

* * *

Армысындар, ағалар, асылдарым,
Болмысымен ұқтырған ғасыр мәнін.
Санатыңнан мені алыс сезінбеші,
Әрқашанда өзіңнің қасыңдамын.

Сен нұр болсаң сәулеңе еліктеймін,
Сен бар болсаң сымбатты көріктеймін.
Баға жетпес бойыңнан бар жақсыңды
Қызығумен отырам теріп кей күн.

Аға есімі мен үшін ар, қасиет,
Қүдіретіңе жүремін арқа сүйеп.
Еркелете сипасаң маңдайымнан
Арылады кеудемнен бар қасірет.

Өзіңе ұқсап паналар төріне күн,
Мен де ініге аға боп көрінемін.
Саған қарап бой түзеп аламын да,
Өлең болып тасимын, төгілемін.

Өріс алған өзіндей сүйіктімнен,
Иықтассам талайдан биікпін мен.
Тояттаймын ағалық мейірімге
Жылылықты жүргендей жиып күннен.

Арман солай ұмтылар аға — шыңға,
Сол арманмен мәңгілік жанасың да.
Мен о бастан ғашықпын аға-інінің
Арасында жалғанған жарасымға.

Жаның ізгі, ағалар, сыйың үлгі,
Саған қарап жеңемін қиынымды.
Еңселі зор өреңе қол созамын
Көріп сенен болашақ биігімді.

СҰЛУЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАРЫ

Уа, сұлулық!

Барша жүрек «тәңірім» деп табынған,
Жер бетінде өзінді іздеп адам қанша сабылған!
Әлде күмбір күймісің сен домбырадан ағылған,
Мұра болып келе жатқан Құрманғазы, Абылдан?!

Әлде ұлы салтанат па ең, көз сүрінер сән бе едің,
Күміс көлде сұңқылдатып аққу салған ән бе едің.
Бар сезімді бағындырып, балбыратқан бимісің,
Әлде аялы алтын арай жарқыраған таң ба едің?

Әлде бұл бір ұстатпайтын жұмбақ сырлы елес пе?
Кей жігіттер сұлу көрсе «тұтқын болдың» демес пе.
Ұнатқандар құлақ қойшы мынадай бір кеңеске:
Сол сұлулық үйіндегі сүйген жарың емес пе!?

Тасқа мәңгі жазған ою, өрнектердей не түрлі,
Осы бір ой өшпестей боп жүрегіме бекінді.
Содан ба екен бұл өмірде бар сұлулық мен үшін,
Жан жарымның өн бойынан өріп жатқан секілді.

Сүйген жармен белгілі ғой тірлігіңнің жайнары,
Сыңғырлаған күміс күлкі — нұр көктемнің айғағы.
Әлемдегі әсемдікті бір бойына жинаған,
Асыл жарлар, сендерсіңдер — сұлулықтың қайнары!

ЖАРЫМА

Ақынмын десем иланбай оған күлер ең,
Сен күлсең болды, тығырыққа мен тірелем
Ана боп менің ұрпақтарымды түлеттің,
Мен саған арнап жаза алмай келдім бір өлең.

Түсіну қиын әуелі бұған таң қалмай,
Ұғысу абзал бұл сырды ғашық жандардай.
Жүріппін іздеп сұлулық атты сиқырды
Сендегі сұлу асылдың бәрін аңғармай.

Сұлулық іздеп өзіңе таңда жолықтым,
Гүл тердім саған ұсынбақшы да болып мың.
От көрсем көзсіз көбелек болып күйіппін
Алауын көрмей сендегі әсем көріктің.

Тулайды жүрек, кеудемде жырым жұлқынып,
Қараймын саған құштарлықпенен ынтығып.
Сен бүгін маған сұлу боп аса көріндің,
Тұрғандай бейне он сегізінде құлпырып.

Содан ба, тегіс сұлу боп кетті бар ғалам,
Біріне бірі айтады жүрек жалғап ән.
Өзіңнің күндей көркіннен жаным қуат ап,
Сұңқар боп ұшып шықтым мен көкке самғаған.

Бұл күнде тіпті ассам да талай белеңнен,
Аяулым, шексіз сырыңа жетпей келем мен.
Меруерт болсын дегенде сенің атыңды
Іздеген тапсын деді ме түпсіз тереңнен!?

Ол — сенсің, болса шырқата салар бір әнім,
Сұлулық жайлы көтерер көкке ұраным.
Арманымды аңсап әлемді тегіс шарласам,
Өзіңді ғана іздеген болып шығамын.

БАЛАЛАРЫМА

Өмірім менің сендермен жарқын екен бұл,
Сендермен асыл мұраттарыма да жетермін.
Жыр-арнау оқып отырсындар ғой, мен болсам —
Өсиетін де ұға алмай қалдым әкемнің.
Бала едім онда, тым балғын едім ол жылдар,
Бағытым бұлдыр, көрінуші еді алдым жар.
Ал, сендер менің өзіммен бірге қанаттас,
Барлығың-дағы азамат болып қалдыңдар.
Бақыттың жолы бұралаң әман білгенге,
Балалық жасап, бағасын ұқпай жүрмендер.
Адамзат үшін аямай өтсе жанын кім,
Тек солар болмақ даңқты өмір сүргендер.
Уақыт тым ұшқыр, жүрмендер одан кеш қалып,
Ел сүйген ерлер еңбекпен ғана өсті анық.
Тұрындар әр кез тыңнан бір қадам жасарда
Әкелер өткен ұлы жолдарды еске алып.
Сұраса біреу, ежелден асыл тегім де,
Анамыз — Ресей, әкеміз — ұлы Ленин де.
Кең байтақ Отан — Советтер елі тұрағым,
Пейілі дарқан, бақытты қазақ едім де.

АҚ ТІЛЕУ

Саған, ұлым, үлкен арман тілегем,
Асқар шындай төбесі көк тіреген.
Жазсам деп ем көкейіңнің түбінде
Мәңгі-бақи орын тебер бір өлең.

Өзің үшін қиындықпен беттестім,
Сен толысар күнге, мүмкін, жетпеспін.
Сенем бірақ сенің болашағыңа,
Ауыл-үйдің тентегі боп кетпессің.

Парқын ұғып жақсы менен жаманның,
Өскің келсе ұлы болып адамның.
Төр бөлмеге іліп қойғам, әкемнің
Суретіне қарап бір сәт қадалғын.

Бұл суретті мен мәңгілік сақтаймын,
Онсыз тіпті жігер отын жақпаймын.
Бойындағы қасиетті әкемнің
Осы күні көп адамнан таппаймын.

Сағынып кеп жиі-жиі соғатын,
Оның абзал достары көп болатын.
Орыс, неміс, украин... Осы үйге
Қыр қалмағы тірейтұғын о да атын.

Ізгіліктің кептерлерін ұшырып,
Кеудесінде жататын зор кісілік.
Көңілденсе күй шертетін шалқыта,
Домбыраның құлақ күйін түсіріп.

Ол айтқан сөз, ол шерткен күйден
Фибрат көп болатұғын түйгенге.
Жұрт қатарлы саған әке болуды
Мен кезінде сол кісіден үйренгем.

Солай, ұлым, атаңа тарт, бол өктем,
Елмен бірге ол даңқты жол өткен.
Батырларша батпан жүкті көтеріп,
Отанының лайықты ұлы боп өткен.

Парқын ұғып жақсы менен жаманның,
Өскің келсе ұлы болып адамның,
Сан ұрпаққа үлгі болар өмірі —
Атаң болған,
Басыңды и оған мың!

МАҚТАНЫШЫМ МЕНІҢ

Сикырына үннің мен де ғашық ем,
Күмбір күйден күміс сәуле шашып ем.
Композитор болғым келіп бір кезде,
Музыканың есігін де ашып ем.

Бар тасқынды бір өзіне жинаған,
Өзендей боп арнасына сыймаған.
Отырушы ем қанат болмай ұшуға
Күй ескенде Құрманғазы, Динадан.

Сазды әуендер есітілмей құлаққа,
Шыдамаушы ем өтіп кетсе бір апта.
Қалайша бұл жұмбақ болып жоғалды,
Жауап беру қиын мұндай сұраққа...

Ауырса да ескі жарам сырқырап,
Ақын боп мен кеттім кейін жыр құрап.
Отыз жылдай бұдан бұрын жанған от
Қалды ішімде гауһар болып жылтырап.

Күндестерім жүрмесін деп мұқатып,
Әке жанын кетпеу үшін жұтатып.
Күй сандыққа ие болып, күнім-ау,
Сол гауһарды ұшқын қылдың...
Тұтатып!

Болғаннан соң тіршілік бір, тілек бір,
Бір ырғақпен соққасын да жүрек кіл.
Отыз қырдың астындағы сол арман
Өзің болып қайта туды түлеп бір!

ЕСІК ӘУЕНДЕРІ

Көл — көңілде тербеліп есіп келем,
Қандай көркем жер едің Есік деген.
Менен бұрын жеткендер әнге қосып,
Жыр арнауға саған сәл кешіккен ем.

Кешікті деп тақпағын сөзіме мін,
Тап боларсың шабытты кезіме мың.
Кешіксем де өзіңе осы жырды
Бірінші боп жазғандай сезінемін.

Нуың түгіл сайға өскен бұтаң қандай!
Хош иісті ауанды жұтам балдай.
Билеп кетті бір сезім, сұлу қызға
Махаббатым алғашқы тұтанғандай.

Күндіз көрем көрікке мол маңайды,
Түнде көрем төбеңде толған айды.
Көрген сайын соларды ынтық болып
Қаламымнан сұлу жыр сорғалайды.

Сұлулықтың сөз жетпес бағасындай,
Көрінесің көзіме нақ асылдай.
Сүйдім сені жаныммен еш алаңсыз
Өзім туған Каспийдің жағасындай.

* * *

Ғашық үшін сарқылмас сезімдей боп,
Ғасыр үшін таусылмас төзімдей боп,
Тау басында көгілдір көл жататын
Аспаһани сұлудың көзіндегі боп.

Өлең-жырдың қоймасын аршып ақын,
Бара қалса алдынан ән шығатын.

Қарағайлар арудың кірпігіндей
Көк жүзіне сұқтана шаншылатын.

Қыз, бозбала сүйдірсе көлге бетін,
Самал желпіп, қайықтар тербелетін.
Жиі-жиі соғатын жүректер де,
Көңілдердің қанаты сермелетін.

Көмейлерден күміс ән төгілетін,
Күмбір күйге көк айдын көмілетін.
Ән мен күйге балқыған қара тастың
Қабаттары қақырап сөгілетін.

...Жата ма үнсіз табиғат қарсыласпай,
Кейде мініп қаһарға қамшы баспай.
Сондай шақта көл кенет ағып түсті
Көзіндегі арудың тамшы жастай.

* * *

Тереземнен қарайды тесіліп тау,
Етегінде жап-жасыл есіліп бау.
Менің жырым осы бір сұлулыққа
Жетемін деп жүргенде кешігіпті-ау.

Сән-көрікке жыр-бояу араласты,
Сағым шайып барады жал ағашты.
Ақ көбелек гүлдердің арасына
Жазылмаған жырды ала қашты.

Мен соңына ілесе қуып жеттім,
Жамыратты сәулесін күлімдеп күн.
Балқып-еріп, айналып бал-шырынға
Гүл құшаққа біржола сіңіп кеттім.

* * *

Ақынға тағдыр о бастан берген жарқын бақ,
Кеудесі қайнар — жататын бұрқап, сарқылдап.
Ақынның сөзі алмастай өткір ақ семсер
Әділет сүйген қолдарда жүрер жарқылдап.

Бүркеніп жатқан бұл өмір жұмбақ болса егер,
Қым-қиғаш жолдың қисынын тапқан ол шебер.
Тірліктегі сұлулыққа деген құштарлық
Ақындардың махаббатыменен өлшенер.

Ақынын сүйіп ұстайды мәңгі ел есте,
Асыл сөз ғана белестен шығар белеске.
Дүниедегі намыс пен ардың салмағын
Көтеріп жүру ақынға лайық емес пе?

* * *

Ақын жүрек ақ жүрек әлемдегі,
Жанға шипа шуағы, нәр — емдері.
Аппақ таңның әдемі күйін шертер
Жырлы жүрек дүрсілі әр елдегі.

Ақын — үміт, халықтың дәметері,
Тірлік үшін төгілер және тері.
Ақын — таза символы ар-ұяттың,
Әлемдегі достықтың дәнекері.

ЖЫР ДӘПТЕРІМ

Жатыр, міне, алдымда жыр дәптерім,
Бетінде оның сан күйді жырлап бердім.
Өнердегі айрылмас жан досымдай,
Сол дәптерді өзіммен бірге ап келдім.

Оның аппақ беттері шимайланған,
Кей түзету жолдарға сыймай қалған.
Қаламыммен жазылған әр таңбаны
Кезім бар ма мың ойлап, қиналмаған.

Шым-шытырық дәптердің кей тұстары,
Жортқандай басымда жыр қыспағы.
Қаз қалпында қағазға көшкен, сірә
Толқын-толқын миымның қыртыстары.

Сызық, бұзық дәптердің кей беттері,
Қалсам керек батлақтап, терлеп тегі.
Жүйіткіп бірден кете алмай, жүйірік ойлар
Тыпыршыпты сәбидей жөргектегі.

Жыр жазсам шақырамын шабытымды,
Іздеймін бет түзейтін бағытымды.
Дүлдүл боп келді-дағы ақын — шабыт
Жыр — бұлақ ағын судай ағытылды.

Ал кеттім, аялдауға сабыр бар ма,
Сақ құлақ сылбыр жырды қабылдар ма.
Құйылам жүректерге сезім болып,
Құйылам ыстық қан боп тамырларға.

Өртеймін өзектерді алау болып,
Кесірді жүндей түтем сабау болып.
Талпынған өрден-өрге биіктердің
Тігілем төбесіне жалау болып.

* * *

Теңіз болса — ойға мен шомылар ем,
Көсем болса — ілесем соңына мен. .
Кірпіш болса — еңселі сарай салам,
Қалам болса — аламын қолыма мен.

Оймен табам жолын да тасынбаудың,
Тасынғанды төбемнен асырмаудың.
Тың іс бола — тер төгіп атқарамын,
Қылыш болса — қағамын басын жаудың.

* * *

Ойға өріс жер беті, ғарыш бәрі,
Өр қиялдың шырқайды алыста әні.
Көңілінде сол бір ән толқып жатса,
Ойларыңның өзара жарысқаны.

Ой жетеді жерлерге жан жетпеген,
Тым алысқа ойымды сермеп келем.
Қысқа күнде шығамын жүз айналып,
Екі ортаны шиырлап жер-көкпенен.

* * *

Бір тынбаймын ойымды сарқу үшін,
Адақтаумен басымның бар қуысын.
Бүгінгі ойды түгесем, шыңыраудан
Ертең қайта жаңасын тарту үшін.

Жата алмаймын ойымнан өзек өрмей,
Көкіректі көрікке безегендей.
Айтар ойдың түбіне жетпей қойман
Құдық көзін күрекпен көзегендей.

Жария етсем жүректің сөзін ашық,
Мен емес-ау, ой маған өзі ғашық.
Ғашық болмай қайтсін, күн-түні
Ой — бұлақтың отырам көзін ашып.

* * .

Ойлап үйрен, ағайын, ойлап үйрен,
Ой — шыңырау, тереңге бойлап үйрен.
Көңіл — дария бетінде жатқан сенді
Мүз жарғыштай талқанда ойлы арыңмен.

Ой асылын саралап таңдап үйрен,
Қыранша еркін биікке самғап үйрен.
Ғұмыр жетпей даналар үзіп алған
Арқауларды қайтадан жалғап үйрен.

Ажалменен алыссаң өлмей үйрен,
Зорлықшылмен дауласып көнбей үйрен.
Шын достардың арасын бөлмей үйрен,

Жалын болып жана алсаң сөнбей үйрен,
Шеберлерден мін қалса жөндеп үйрен,
Шешендерден тіл қалса сөйлей үйрен!

* * *

Дос көңілге сүйсініп жұбанатын,
Тым сирек-ау сендей боп қуанатын.
Сендегі жан сезімді жырлау үшін
Жан тербеген талай жыр туар ақын.

Сенсің, сезім көктемі — толған гүлім,
Ғашық жаным, осыны ойлан бүгін.
Бұл өмірден сұлулық таптым десем —
Ол өзіңнің дүниеде болғандығың.

ОН СЕГІЗ

Уа, жігіттер, келгеннен соң он сегіз,
Махаббаттың гүлін ұсын, көнсе қыз.
Әлемдегі сұлу, сырлы сымбатты
Он сегіздің көркіменен өлшенізі.

Қыз — он сегіз сәнді сый ғой ерге тым,
Кетердейін көрік қаптап жер бетін.
Он сегізде қыз біткендер жинайды,
Бір бойына бар сұлудың келбетін.

Мың бұралған он сегізбен биге ендім,
Сонда тұңғыш жас аруды сүйгенмін.
Көз алдымда тұнған нұрдан өте алмай,
Жарыма да он сегізде үйлендім.

Он сегіз жас қала алмайды жырланбай,
Қол жетпейтін асыл арман, шыңдардай.
Күнде іздеймін жан жарымның бойынан,
Сол баяғы он сегізі тұрғандай.

* * *

Көңілімнің төрінде көлеңдеген,
Көктем сынды аруды көрем де мен.
Самал болып бетінен желпігім кеп,
Тұрам ылғи сыбырлап өлеңменен.

Сыңғыр қағып, бұлақ боп күлсем бе екен,
Көкейіне ән болып кірсем бе екен.
Қимасымды осы бір шыр айналып,
Ақша бұлт боп қалықтап жүрсем бе екен?

Кезіккенде осы қыз бір гүл болып,
Жасыл бақта сайрадым бұлбұл болып.
Үлбіреген сол гүлдің күлтесінде
Ақ сәуледей мөлдіреп тұрдым қонып.

* * *

Махаббаттың өлшеулі бір жасы бар,
Әркім оның көктеміне асығар.
Қол созамыз бәріміз де сұлуға,
Ал сұлу қыз қайсымызға бас ұрар?

Алға ұмтылып, жетемін деп алқынып,
Шарқ ұрасың табамын деп талпынып.
Сезесің де күтпегенін ешкімнің
Тоқталасың тізгінінді тартынып.

Түсінген соң қалғаныңды кешігіп,
Білгеннен соң ақталмасын еш үміт,
Көктем, гүл деп көңіл алдап құр босқа,
Көріктімен көрісем деу — есірік.

Махаббат та сәт сағатын күтеді,
Кешіктің бе, гүлдей солып бітеді.

* * *

Сөге көрме, келді неге бұл деме,
Қажет десең өрлемейін төрге де.
Босағада орын болса жетеді
Есік қағып кіре қалсам бөлмеңе.

Айтшы неге қара көзің қададың,
Содан, жаным, Мәжнүн боп барамын.
Бүгін сол сыр іште кетсе шемендей,
Ертең тағы есігіңді қағамын.

...Тағы келдім, тағы келем бөлмеңе,
Бүгін қандай бып-биязы өр дене.
Өзің бейне сұлуланып кетіпсің,
Қонақ күтіп құлпырады төр неге?!..

ӘЙЕЛ

Қолында оның от жуасып, тас жанар,
Қарсы келсе бұзығың да жасқанар.
Мықтылық пен нәзіктіктің мектебі —
Бар ғаламат әйелдерден басталар.

Әр ұяда шамын жаққан бірліктің,
Тілге тиек, айта алғанға жыр ғып кім.
Оттай ыстық жүректерді жалғаған
Әйел деген — ақ жібі ғой тірліктің.

Әйелді айтсаң талпынады өрге жыр,
Әйел келсе жамылады бөлме нұр.
Әйел бар үй — жай үй емес, пейіш ол,
Ал әйелсіз төсек те бір, көр де бір!

Ескерткішке мұнара сап өлеңнен,
Күдіретіне басымды иіп келем мен.
Махаббатқа адалдықтың үлгісін
Әйелдерден үйренейік дер ем мен.

АЛТЫН КҮЗ

Керуендей жүк артқан қара нарға,
Күз келеді ырыс ап бар адамға.
Көрінеді ол көрікті келіншектей
Левитанның көзімен қарағанға.

Шықтан мөлдір моншақтар тағып алған,
Сұлу бейне секілді лағыл арман.
Сыбдырласып сөйлейді ақ қайындар
Құлағында құстардың әні қалған.

Күн көзінен тараған жарқылға асыл,
Бояп алған ақ бидай алтын басын.
Қоңыр самал еседі сай-саламен,
Кербез күздің шертіп кеп шалқымасын.

Бұра терек бұрымын жасырады,
Тарқатпаған арудай шашын әлі.
Сабағынан үзілген жапырақтар
Кәдімгі алтын теңгедей шашылады.

Көз алмайсың көрікті құбылыстан,
Сұлулықтың көтерген туын ұстап.
Уақыт өзі кеткендей ен даланы
Сап-сары қып алтынның буына ұстап.

ГҮЛ ТУРАЛЫ

Құштарлықпен сезім біткен құнығар,
Бұл өмірде гүлдің ерек құны бар.
Гүл болмаса үлбіреген мақпалдай
Нәзіктіктің жайын, сірә, кім ұғар.

Гүлдің сырын білеміз ғой біз ұға,
Сансыз көздер қадалған соң қызыға.
Гүл сымбатты сулу өмір сүрсін деп
Гүлдің атын қойдым мен де қызыма.

Тіршілікте гүлдер жайлы көп аңыз,
Қуанышқа гүл әкелсе, тоямыз.
Тірілерге гүлмен құрмет көрсетіп,
Өліні де гүлге орап қоямыз.

Гүлге толы алаң біткен құлпырар,
Даңқтың да тұғырында гүл тұрар.
Гүлге ынтық ақындардың жүрегі
Гүлдей нәзік, гүлдей сұлу жыр туар.

* * *

Ұнатамын ежелден дала гүлін,
Нәзіктігім, ол менің, балалығым.
Бетегелі бөктерден гүл теруге
Енді бүгін мен болып барады ұлым.

Дала көктем көркімен жарасты маң,
Сансыз бояу көздерді таластырған.
Бәйшешектер науырыздың шуағында
Бас көтерер қылтиып қар астынан.

Қызыл түске малынта дала таңын,
Қызғалдақтар жаяды алақанын.
Қызыл-жасыл киінген арулардай
Осы кезді, шіркін-ай, жаратамын!

* * *

Гүлдей әсем сендегі нәзіктікті,
Ақын жаным байланар қазық қыпты.
Саған деген сөнбейтін құштарлыққа
Теңеу таба алмаймын жазып тіпті.

Өзің жайлы өрілді жырым бүгін,
Құйылдыра бойыма жылулы ұғым.
Сен арқылы қосақ қып өміріме
Сыйлаған ғой бұл тірлік сұлулығын.

* * *

Сұстана мынау аспан түнеріп кеп,
Қатулы қас батырға түр еліктеп.
Найзағай шың басына қамшы үйіріп,
Құрығын лақтырады шіреніп кеп.

Тасыған тау өзені гүрілдейді,
От — қылыш қара бұлтты тілімдейді.
Қым-қуыт нөсер көмген бөктердегі
Ақ қайың әлсіз ғана дірілдейді.

ЖАҚСЫНЫ СЫЙЛАУ — ЗАҢДЫЛЫҚ

Аталы сөздер айтылып жатыр қаншама,
Соларға елтіп, отырмын мен де тамсана.
Осы бір думан болсын естен кетпейтін
Лебізін әркім әсемдеп жатыр жан сала.

Сыланып тұрған арудай бейне ай маңдай,
Ақ тілектермен безенді мынау той қандай.
Әр бақшадан әсемдеп үзіп бір талдан
Тап осы үйге гүл шоғын әкеп қойғандай.

Бейне гүл нәзік сөз сөйлеп тұрған тіл қандай,
Шым-шымдап қана жүректі сезім жұлғандай.
Қыпша бел қыздай рюмкалар бір сәт сызылтып,
Құлағыңа кеп сыңғырлап ән сап тұрғандай.

Бойдағы барлық сезімді түгел билеген,
Ләззатты мынау — теңедім бір шоқ гүлге мен.
Осы бір сыйды, жай гүлдей емес жерде өскен,
Шертілер мәңгі көңілдегі әсем күй дер ем.

Шоқ гүлім менің құралған мәнді сөздерден,
Көңілдің көркі қадалған қара көздерден.
Жанға аса жайлы шырқалған асқақ әндерден,
Арқауың болған дастарқандағы дәмдерден.

Мұндай гүл,сірә, сүреді өмір мәңгілік,
Көкейде сезім алауын ғана жандырып.
Гүл сыйлау деген — жақсылықтың ғана нышаны,
Жақсы адамдарға жақсылық сыйлау — заңдылық.

* * *

Біреу бар жай оғындай жарқылдаған,
Қадамын басқан сайын қарқындаған.
Біреу бар қарны тойса, мәз боп соған
Ілгері жүрейін деп талпынбаған.

Бір көз бар тым әріні көретұғын,
Көңілге өшпес сәуле себетұғын.
Бір көз бар кірлігінен ұйқы кетпей,
Ертелі-кеш жұмыла беретұғын.

* * *

Құмартамын көп лебіз есіткім кеп,
Сыйлар қандай сыбаға несіп кімге?
Біреулер жүр көпіртіп жалқаяқ жыр,
Біреу қапа жыр жазбай кешіктім деп.

Самғағанға не жетсін сұңқар болып,
Мен де соған қаламын іңкәр болып.
Бірақ әлі шықпай жүр жыр-жабағым
Күші толып шабатын тұлпар болып.

Еңсем түсіп оған мен налымаймын,
Жан-жағыма жалтақтап жабыдайын.
Сандуғаштай сызылтып сайрап өтем,
Болған күні ақындық бағы дайын.

Жыр — бәйгеде қарау жоқ қас-қабакқа,
Еңбектенем осыны растамаққа.
Кеш шапсам да талайын талма жырдың
Тайбурылдай кетермін тастап артқа.

ТЕРМЕ

Кішкене деген — ұғым тек,
Кішкентай нәрсе болмайды.
Әлемге жарық күн көзін,
Жапырақтай бұлт торлайды.
Бір жаманның ісінен
Бір тайпа ел сорлайды.
Кішімін деген — кісілік,
Дөкеймін деген — оңбайды!

Кішкене ғана бір өлшем
Кеңістікпенен жарысқан.
Сәбиді кіші дейміз ғой,
Сәбиден өсер данышпан.
Кішкене деген — ұғым тек,
Кішкентай нәрсе болмайды.
Құныққан көздің кемері
Топырақ баспай толмайды.
Қаза жетпес қас батыр
Жалғыз оқтан мерт болар.
Ақ жүзіндегі сәл дақтан
Қас сұлуға дерт толар.
Қапыда жанған ұшқыннан
Қара орманда өрт болар.
Қас асылдың байламы —
Болаттай берік серт болар.
Сараласаң ақылмен
Мынау байтақ ғаламда
Білгеніңнен, жігіттер,
Білмегенің көп болар!..



Мына әлемнің қызығына қара шын,
Сан мағына, сан ғибрат табасың.
Өну үшін, даму үшін ілгері,
Егіз бастау болу керек шамасы.

Егіз бастау өзді-өзінше айтады ән,
Шекарасын ұғады тек байқаған.
Егіз арна табысқан соң үндесіп,
Екеу болып бөлінеді қайтадан:

Көңіл-күйде — қуаныш пен қайғы боп,
Махаббатта — Мәжнүн мен Ләйлі боп.
Аңдағанға — биік пенен терең боп,
Тыңдағанға — саққұлақ пен керең боп.

Қанаттылар қалықтайды қыран боп,
Қанатсыздар өрмелейді жылан боп.
Бәз бір ақыл тиер елге ылаң боп,
Бәз бір ақыл қалар мәңгі ұран боп.

Кейде осылай бірді екеу ғып көрсек те,
Бір арқауды қос бұрымдай өрсек те.
Шындық деген жалғыз тін бар ежелден
Тарамдалып бөлінбейтін бөлшекке.

* * *

Ұйықтасам да ойларым ояу менің,
Көріп жатам көрікті бояу легін.
Өңімде ылғи бір жақсы кезігетін
Аян берген түсімде сол-ау дедім.

Шақтарыма шабытсыз таққандай мін,
Шалқып-тасып, әдетте, шаттанбаймын.
Өң мен түстің арасын осы жолы
Жалғау үшін жыр жазып жатқандаймын.

Ләззат тауып қамқор көз қиығынан,
Кейде берген тағдырдың сыйын ұғам.
Кейде түсіп қамаған ой торына
Шырмаламын шыға алмай тұйығынан.

Кейде қалам жаншылып дұшпандықтың
Бар салмағы басқандай иығымнан.
Шашыраған осындай сан торапты
Қиыстырып отырам қиынынан.

ЖҮЙРІК

Жарыстарда жеңіп алар жүлдесін,
Ақын-шабыт, жүйрік сенің үндесің. :
Алдына жан салмас еді ол, тек қана,
Оза алмай жүр, уақыт атты күндесін.

Ажалы боп жабы деген пақырдың,
Сәйгүлік боп астында жүр тақымның.
Ракета боп самғап ұшып ғарышта,
Шабытты ой боп басында жүр ақынның.

* * *

Ақ пейілдің құлашы кең көсіліп,
Жатса дағы зұлымдық жерге сіңіп,
Құрып қойған торындай өрмекшінің
Оралып жүр аяққа пендешілік.

Пендешілік істесең — таза күнән,
Мерт боласың ақылдың мазағынан.
Бір жолата арылмай пендешілік —
Арылмайды-ау адамдар азабынан.

* * *

Мен өрлікті анадан туа сүйдім,
Сынығындай болғым кеп шын асылдың.
Өзге алдында бұламын басылмайтын,
Тек сен айтсаң тоқтаймын, жуасимын.

Солай ет де: тоқтатам дауылды да,
Көтертпейтін көтерем ауырды да.
Кешірместі кешіріп, бір сен үшін
Құшақтауға даярмын жауымды да.

Түгесілсем сен үшін түгесілем,
Қара тасқа қаулатып гүл өсірем.
Қарысқаң шыңды да алдыңа әкеп
Жүгіндіріп қоямын жүресінен.

Мен өрлікті жасымнан сүйем дедім,
Салмақ салып біреуге сүйенбедім.
Бір күдірет болса егер адам үшін —
Ол өзіңсің, табынар ием менің.

* * *

Алға тарту — мен үшін сүйікті ұран,
Ұмтылмай ма жігерлі биікке ұлан.
Жатса дағы сұм ажал бұғып алда,
Ертеңіме ұмтылып, күліп тұрам.

Бөкен қуған көріп ем, талды он ат,
Ақ шаңдағы артында қалды борап.
Сол бөкендей қуғынды тәлкек қылған,
Кетсем деймін ажалдың алдын орап.

Шырқа, кеудем, шалқыған әнді бүкпе,
Ағар, жаным, шапақты таңға ілік те..
Уақытым жоқ ойлайтын өліміңді,
Ғашықпын мен жасымнан мәңгілікке.

* * *

Кейде шат, кейде мұнды күйге енемін,
Заманның өрге жүгін сүйреледім.
Тап келген тағдырыма қиындықтан
Ешқашан бүгілмедім, күйремедім.

Шықсын деп батылырақ бүгінгі үнім,
Білекті бел шешпестен түріндім мың.
Алдыма ту қып ұстап, арқа тұттым
Түйгенін парасатты білімдінің.

Бір биік бір биіктен төмендігін,
Ап-анық өз көзіммен көрем бүгін.
Ілгері өмір көшін жетелеген
Көтерем мәртебесін өнерлінің.

* * *

Шың көзіне жердегің аяқ асты,
Құлап түссең құлдилап, қара басты.
Құлдиласаң — құлдила қанатыңмен,
Жаншу үшін қыранша аямасты.

Жолын тауып бұраңның, төтенің де,
Өрге жүзген еңбегің өтелуде.
Шарықтарда шарықта қанатыңмен,
Аяулыны аспанға көтеруге.

* * *

Өмір көші жылжысын ырғақпенен,
Айдын шалқар қалмасын құрғап терең.
Бұзылмасын деп осы үндестіктер
Жүрегімен ақынның жырлап келем.

Жырлап келем өмірді көктесін деп,
Күн тұрсын деп күлімдеп көк төсінде.
Адамдардың басына қайғы төніп,
Нақақ көзден қанды жас төкпесін деп.

Жақсылықты ежелден жыр мақтаған,
Жауыздықты ауыздық тулатпаған.
Өнім түгіл түсімде кетем шошып,
Түтін көрсем қап-қара будақтаған.

Жауыздықтың тамырын сілкілесе,
Бульдозермен тазартып бір күресе.
Тұмшалайық мылтықты, мылтық түгіл
Селк етемін, күн кенет күркіресе.

* * *

Егер әркім бұлдар болса асылың,
Асылымды қоя алмаймын жасырын.
Мәртебемді шырқау көкке көтерген —
Менің ұлы жиырмасыншы ғасырым.

Сол биіктен ертеңге көз жіберем,
Достық тудай желбіретем жыр-өлең.
Бейбіт күнге қол көтерген есердің
Үрей болып төбесінен түнерем.

Сол биіктен бар әлемге жар салам,
Құшақ жайып арманымды қарсы алам.
Шың басында мөлдір, тұнық қайнардан
Шөлі қанып сусындайды барша адам.

Қанатының күдіретін сынатып,
Өр қияға қырандар тек шығатын.
Адамзаттың асқақтатқан арманын
Сол биіктің — коммунизм шын атық?!

* * *

Сағынтатын жеткізбей сабырыңды,
Білетінге не жетсін қадірінді.
Сыйластығы тірлікте бір ғанибет,
Сары алтынға балар ол сабырыңды.

Дос лебізін құлаққа құйып тұрар,
Жаным менің сол десе ұйып тұрар..
Ондай адам көркейтіп тіршілікті,
Пенделіктен көш құлаш биік тұрар.



Қиялсыз босқа қайда тырбынасың,
Ерік бер, ой тереңді бұрғыласың.
Тереңнен теріп ал да меруерт-маржан,
Заула сен содан кейін жырға ұласып.

Үш жырдың қанаты боп қаллықтаран,
Қиядан тұрағыңды барып табам.
Мен сонда ұшқыныңнан өртенем де
Мәңгілік оттай лаулап жанып қалам.



Тілімнен еседі өлең алтын арқан,
Алтындай қарсы алдымнан жарқырап таң.
Ұқсайды ақын-сезім арғымаққа
Алысып ауыздықпен тарпынар паң.

Толқындай тулап өрге талпынамын,
Тербетіп жүрегімнің жарқын әнін.
Жақсының жанарында жалт етем де
Жаманға кең дүниені тар қыламын.

Жанымның көктетемін бал құрағын,
Жаршы боп ізгілікке шарқ ұрамын.
Түсірем домбыраның құлақ күйін
Төрінде шабыт деген шалқыманың.

Күн болғың келсе сәуленді түсір күңгіртке,
Қамалып қалма қараңғы қапас түн-кілтке.
Достардың жіксіз арасын сүттей ірітпе,
Баршаны тегіс бірлікке шақыр, бірлікке!

Дос болғың келсе ішіңе пасық сыр бүкпе,
Жауыздық жасап айдыны аппақ тірлікке.
Ал жасадың ба, жарылған сен бір жұмыртқа,
Ақиқат өзі-ақ тастайды тапап, бір бүктеп.

* * *

Шаршадым деме,
Шаршауға сенің қақың жоқ.
Шаршаған басқа қонуың керек ақыл боп.
Заулауың керек,
Лаулауың керек лапылдап.
Сөніп кеткенше жүрегіндегі ақырғы от.

Шаршадым деме,
Шаршауға сенің қақың жоқ.
Шаршаған жүрек тебірене алмайды ақын боп.
Гүл жару керек,
Бұр жару керек көктейтін,
Құлазып қурап, қалғанға дейін тақыр боп.

Шаршадым деме,
Шаршауға сенің қақың жоқ.
Жау шапса елге қорғауың керек батыр боп.
Шаршама, достым,
Шаршамау керек күресте,
Құртқанға дейін адамның жауын ақырғы оқ!

Жандарды көрсем дәрменсіздікпен келіскен,
Түйіліп жүрем, күйініп жүрем мен іштен.
Ал, кеуделерде жігердің отын жандырсам,
Күрес біткеннен қайтқандай болам жеңіспен.

Сіндіргім келіп бойына ылғи асылды,
Адамдар үшін ауыртамы күнде басымды.
Жан қинайықшы, тер төгейікші аянбай,
Даңққа бөлеу міндет қой мына ғасырды.

САҒЫНЫШ — СҰЛУ СЕЗІМ

Сағынып жүрген жан достар іздеп келгенде,
Қуаныш кернеп тасисың күшті селден де.
Көңілдің төрі жап-жарық сәуле шашады
Кеткендей болып шамшырақ жанып кеудеңде.

Шабытың сонда сұңқардай дүр-дүр сілкініп,
Жаныңнан саулап төгілер мөлдір жыр тұнық.
Сан қилы сұлу сәуледей шашып ұшқынын
Сезімдер асыл кетеді жайнап құлпырып.

Қарайды саған көңілдің күні күлімдей,
Шертіп күйді бұлбұлдың әсем үніндей.
Сом ірге болып кетеді бірге тұтасып,
Дос тілектердің жалғанған жігі білінбей.

Жатады солай сезімдер берік жымдасып,
Жүрек пен жүрек ұғынар тілсіз ымдасып.
Қабысады екен осылай достық дәнекер,
Табысады екен осылай ғана шын ғашық.

* * *

Жақсы еді қандай достарды күтіп қарсы алған,
Қуанышты үнмен әлемге мынау жар салған,
Достармен бірге кіреді екен үйіңе
Сәулелі сезім, шадыман шабыт, барша арман.

Ашады сонда жүректер сырын ақтарып,
Лебіздер жылы қалады мәңгі жатталып.
Тұрады екен ынтымақтасқан көңілдер
Ақ кептер болып ұшуға көкке шақ қалып.

* * *

Беру мақұл, ағайын, басқа баға,
Бәз бір бастар белгілі жаста дана.
Ал біреудің түйінді шешер жерде,
Ақыл жетпей, қалады масқараға.

Біреулер бар мақтанған күндігіне,
Қарны тойып, шор бітсе кіндігіне.
Қыран көріп тұрғандай мәз болады,
Қарға қонса қарқ етіп түндігіне.

* * *

Ылғи менің көңілімде үміт түнеп,
Қуып жүрем тепкілеп күдікті кеп.
Тек жақсылық сондағы іздейтінім
Адамдардың бойынан тінткілеп.

Ізгілікпен жанымға енген өлең,
Сол өлеңмен түзеліп, жөнге келем.
Жақсылықтың аулында бұқпантайлап,
Жамандық жүр дегенге сенген емен.

* * *

Жыр оқуға бір сәтке жалықпаймын,
Қанаттанып қыранша қалықтаймын.
Жырсыз жерде мен үшін тіршілік жоқ,
Шырып қалған көлінен балықтаймын.

Жыр жолдары суымас жылу дер ем,
Жыр арқылы дүниені бұрын көрем.
Достарыма жалынды жыр арнаймын
Жырмен ғана тілдесем сұлуменен.

Жыр боп шығып әр таңның қарсы алдынан,
Уа, жүрегім, құлшына жан сал бұған!
Ғашықтықтың бесігін жырмен тербеп,
Махаббатқа мәңгілік ән салдырам.

* * *

Тау етекке төнеді күзгі сұр бұлт,
Сол бұлттайын ішімде сезім күңгірт.
Шабытымның екпіні құлағандай
Көңілімнің көгінен төмен сырғып.

Бір жалт еткен ғайып боп асыл үміт,
Ол да тасқа жатқандай басын ұрып.

Бұлт астына күн кенет кіріп кетті
Көңілі қалған сұлудай жасырынып.

Бұлыңғыр бұлт барады сайдан өтіп,
Төбесіне тау шыңын айдар етіп.
Салқын ызғар қабағын түйіп алған
Жаз көңілдер, жоғалдың қайда кетіп?!..

* * *

Пендешілік кетпейді жоғалып-ақ,
Қайта айналып бір күні соғары хақ,
Бүктетіліп пендеше жорғаламай,
Еңсемді мен ұстаймын жоғарырақ.

Судың ішсем, ішемін тұнығынан,
Асыл көрсем айрылман сынығынан.
Тұла бойым түршігіп жүрем ылғи
Пенделіктің ылайсаң былығынан.

* * *

Қуаныш деген аспандай ашық нұр сезім,
Нұр сезім әр кез көркейте түсер жыр сөзін.
Аузымнан менің тамаша лебіз төгілсін,
Қуаныш болып күлімдеп қана тұршы өзің.

Қасірет деген жаныңды жеген азабың,
Жетеді саған тарқаған сәтте базарың.
Көңілді күй боп көгімде мынау мәңгілік,
Қалықтап жүрші ақ қанат әсем ғажап үн.

* * *

Мықтымын деме,
Мықтылар талай табылар.
Ал кейбіреулердің
Өзінше биік бағы бар.
Өткірмін деме,
Кесетін кезде кеселді
Алмастың жүзін
Намысқа мықтап жанып ал.

Жүйріктер шығар
Жүйрікпін дейтін сенен де,
Біреулер жүрер
Түнерген бұлттай төбенде.
Сен саспа сонда,
Бәрін де көктей басып өт,
Отырып ал да
Шабытты дүлдүл өлеңге.

* * *

Жырға өзімді күн сайын құнықтырып,
Тіл ширатып келемін шынықтырып.
Сонда дағы жаңылып ырғағынан
Бір ұйқасты қоямын сынық қылып.

Жазсам екен жүрекке жыр ұқтырып,
Жыр сиқырын тәңірдей біліп тұрып.
Айта алғанға не жетсін жүрек сырын
Шын көңілмен шуақтай жылып тұрып.

* * *

Ылғи маған бермейді маза тыным,
Жыр қайнары дамылсыз қазатыным.
Кейде өтеді талай кеш ой үстінде
Екі-үш шумақ сондағы жазатыным.

Маған кейде көп ойлар үймелеген,
Қанат беріп, ұшқандай күйге де енем.
Кей сәттерде жыр өнбей азаптанам
Құдық қазып жатқандай инеменен.

* * *

Шындықтан асқан сұлулық, сірә, көрмедім,
Шындықпен ғана шыңдарға биік өрледім.
Шындықты аңсап сағынған талай сәттерде
Айдыным құрғап қалғандай болып шөлдедім.

Үні деп шындық санаймын ақын жыр сөзін,
Шындыққа ғана балаймын ашық күн көзін.
Тозбайтын асыл — шындықтан құйып кірпішін.
Тіршілігімнің қалаймын биік күмбезін.

СҰЛУЛЫҚ ТУРАЛЫ

Мен сұлу болмадым деп қапаланба,
Сұлу боп тандарың көп атар алда.
Сұлулық әлеміне қанат қақпай,
Тып-тыныш ақын жүрек жата алар ма.

Менің бір құрбым болды Тілек дейтін,
Дос едік арамыздан қыл өтпейтін.
Кештетіп сейіл құрсақ іздейтін ол
Қыздардың асқан көрік сурет кейпін.

Жан жетпейтін сұлуды алам дейтін,
Асқақтата мадақтар адам кейпін.
Мінез-құлық мен үшін өлшем емес
Тек көркемін бере гөр маған дейтін.

Көркем жігіт атандық өзіміз де,
Өткір алмас секілді сөзіміз де.
Кетуші едік лезде пысын басып
Қыздардың тік қараған көзімізге.

ВУЗ да бітті. Лайықты жар тандадық,
Сұлу іздеп күн-түні жалпаң қағып.
Сәті түсіп ақыры, бір перизат
Тілекке кеп қалды өзі арқандалып.

Сұлу еді ол ақындар сөз арнаған,
Сурет еді көргендер көз алмаған.
Бетке біткен көрікті жарыстырса
Ешқайсысы бұл манда оза алмаған.

Тастан мінсіз қашалған мүсіндей-тін,
Мүсіндей-тін шеберсіз пішілмейтін.
Сұлулықтан жасалған шараптайын
Мас қылатын, бірақ та ішілмейтін.

Жиылды тойларына дос қалмай кеп,
Бәрі де бата берді тост арнай көп.
Жалғадық ынтық болған екі ашықты
Ләйліге Мәжнүнді қосқандай боп.

Тойдан соң екі арада жыл да өтпеді,
Бақ іші үлгермеді гүлдеп тегі.
Жарасым таба алмаған жұбайлардың
Басталды дүлей-шулы дүрмектері.

Сыймады бұл ешқандай ережеге,
Қарай ма қыңыр мінез дәрежеге.
Бөлмеге дауыл кіріп кеткендей боп
Жатады әйнек сынып терезеде.

Ақылға долы мінез байлатар ма,
Еркіне қоя берсең айды атар да.
Уақыт өткен сайын ұқсай берді
Әлгі әйел ару емес, айдаһарға.

Бұл өмір жұбайларға жараса ма,
Жіберді ойсырата жара сала.
Қайтеміз, куә болып қала бардық
Жарамай біріміз де арашаға.

Осылай сұлулыққа жол кесілді,
Көрікті ой лай судай жерге сінді.
Өз басым бұдан былай сұлу көрсем
Білмедім сенерімді, сенбесімді.

Сұлу деп енді кімге табынбақпыз,
Тыншимыз қай гүлзарға дамылдап біз?
О, тәңірім, түнілдірме көріктіден,
Кеудеме тәтті үміттің шамын жаққыз!

Жүректің алаулаған шамын жаққыз,
Жанайық махаббатпен жалындап біз.
Саф алтын сұлулықты сағындырған,
Жұлқынған жиырма бестің бабын тапқыз!

Өзгерді осыдан соң Тілегім де,
Оянды жаңа сезім жүрегінде.
Сүңгіді сұлулықтың тереңіне
Кететін сүтпен бітіп сүйегіне.

Бір күні ол:
— Сұлуды мен таптым,— деді,
О баста албырттықты бақ күндеді.
Бұл жолы қара да тұр адаспастан
Ақ шамын махаббаттың жақтым,— деді.

Бұл әйел қылықты екен расында да,
Жетердей парасаты басында да.
Қаратып ауызына баршамызды
Ақылды болып шықты асыл дана.

Ісімен тәмам жұртты таң қалдырды,
Арнадық тілімізден тамған жырды.
Ұмытып келіссіздеу кескінін де
Сездік біз жүрегiнен жанған нұрды,

Шығарған шын талғамның биігіне,
Мойына алтын алқа сыйын іле.
Толғантқан тоқсан тарау әңгіменің
Тоқтайық тобықтайын түйініне:

Кей шақта парасатқа жүгінбей біз,
Көркемді көре сала, күнім, дейміз.
Сұңғыла сұлулықтың сиқырына
Көзімен көрегеннің үңілмейміз.

МАЗМУНЫ

Ленин ескерткіші алдына	5
Оқып отыр күн-көсем	6
Журналист сыры	7
Тақырып	8
Аманат	9
Коммунист	10
«Отан-ана»	10
Май-мейрам	11
Алыппын мен	12
Мен қазақпын	13
Әке анкетасы	14
Ұқсастық	15
Көрісу	16
Теңіз елі	17
Көрісейік кел, достым!	18
«Көрісейік қол алысып...»	19
Кең далам	20
Достарға	21
Сұлулықтың қайнары	25
Жарыма	26

Балаларыма	27
Ақ тілеу	27
Мақтанышым менің	29
Есік әуендері	30
Жыр дәптерім	33
Он сегіз	36
Әйел	38
Алтын күз	39
Гүл туралы	40
Жақсылық сыйлау — заңдылық	42
Терме	44
Жүйрік	46
Сағыныш — сұлу сезім	53
Сұлулық туралы	59

Марат Искаков
САГЫНЫШ САЗДАРЫ
Стихи

(на казахском языке)

ИБ № 219

Редактор *У. Нургалыев*. Художник *К. Омарова*.
Худ. редактор *Н. Бубэ*. Техн. редактор *О. Пегова*.
Корректор *А. Аскаргалыева*. Сдано в набор 18.04.80.
Подписано в печать 4. 10. 80. УГ14348. Формат
70×90¹/₃₂. Бумага тип. № 1. Гарнитура литератур-
ная. Печать высокая. П. л. 2,0. Усл. п. л. 2,3.
Уч.-изд. л. 2,04. Тираж 3000 экз. Заказ 2037. Цена
20 коп. Издательство «Жалын» Государственного
комитета Казахской ССР по делам издательств,
полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-
Ата, пр. Абая, 143. Полиграфкомбинат производст-
венного объединения полиграфических предприя-
тий «Кітап» Государственного комитета Казахской
ССР по делам издательств, полиграфии и книж-
ной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.

20 r

